Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

25 желтоқсан сенбі
№102 (1804)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ОБЛЫСТЫҢ БАС ШЫРШАСЫ ЖАҒЫЛДЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жаңа жылдың ажырамас нышаны саналатын шырша жағу рәсіміне қатысты.

Мерекелік шарада аймақ басшысы тұрғындарды ғажайып сәттерге толы жаңа жыл мейрамымен құттықтап, өңір үшін биылғы жылдың табысты болғанын тілге тиек етіп, әр отбасыға бақ-береке тіледі.

– Баршаңызды келе жатқан Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын! 2022 жыл әрбір отбасына мол ырыс-несібе әкелсін! Сыр қамбасы қазыналы болып, берекеміз арта берсін! Жаңа жыл құтты болсын, қадірлі жерлестер! – деді аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова.

Ұзындығы 22 метрді, диаметрі 10 метрді құрайтын орталық алаңдағы шырша алуан түрлі ойыншықпен безендіріліп, түрлі-түсті шамдармен әрленген. Шыршаны өңір басшысы 2020 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, Әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері, Азия чемпионатының үш дүркін күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев және Македонияда өткен халықаралық ән байқауының I орын, «Бала дауысы» ән конкурсының III орын иегері, жас әнші Серік Мадиярмен бірге жаңа жылдық шыршаны салтанатты түрде жақты.

Одан бөлек, Сыр елінде 200 балаға бір мезетте Президенттің арнайы сыйлығы табыс етілді. Балаларға арналған Президент шыршасы мерекесі аясында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова телевизиялық форматта балаларға тілек білдіріп, жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Ал облыс әкімінің орынбасары, қала, аудан әкімдері көпбалалы отбасынан шыққан дарынды, озат оқушыларға жаңажылдық сыйлықтарды үйлестіріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«Ақмешіт-ақпарат»

«ЖЕЛТОҚСАНДЫ» ЖАДЫҢДА САҚТА, ЖАС ҰРПАҚ!

Тәуелсіздік ықылым заманнан келе жатқан қазақтың арманы болатын. Тәуелсіздік бұл кешегі Желтоқсан оқиғасына қатысқан жүректі жастардың, бүгінде елуді еңсерген намысты жандардың ерлігі. Осынау орны ерек, қазақ халқы үшін қастерлі мереке тұсында Сыр елі тағы бір еңселі ескерткішімен елін қуантты. Қуантты дейтініміз, еліміздің тәуелсіздігі жолында ерліктерімен есте қалған желтоқсаншыларға арнайылап, облыс орталығының «Тағзым» алаңында ескерткіш белгі қойылды.

Желтоқсан оқиғасының құрбандарына қойылған бұл ескерткіштің ашылу рәсіміне облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қатысып, Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың ерлігін атап, құрмет білдірді. Сондай-ақ ескерткіштің авторы, мүсінші Жаркен Исмағұловқа ерен еңбегі үшін ризашылығын жеткізді.

– Еліміз тәуелсіздік алған тұста, оқиға салдарынан зардап шеккен азаматтарды ақтау мақсатында Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы қабылданып, желтоқсаншыларымыз толық ақталды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұлқыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек. Тәуелсіздіктің бастауы болған Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы уақыт өткен сайын тереңдей түспек. Сіздердің ерлік істеріңіз халық жадында мәңгілік сақталады, – деді облыс әкімі.

Айтулы сәтте аймақ басшысы мен облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және Желтоқсан оқиғасының қатысушысы Аманбай Қанетов ескерткіш белгісін ашып, Желтоқсан құрбандарының рухына құран бағыштады.

Айта кетейік, бұл ескерткіш белгінің биіктігі 3,55 метр. Еңселі ескерткіш табиғи гранит тастан жасалған. Тек ортасында орналасқан жылқы бейнесі қоладан құйылған. Мүсінде тұлпар мінген жас қазақтың еркіндікке ұмтылып шауып бара жатқан сәті бейнеленіп, «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбандарына мәңгілік тағзым» деп жазылған.

Қазақ үшін еркіндікті жақындатқан Желтоқсанның орны бөлек. Енді осы ескерткішке қараған әрбір адам жадында Желтоқсан оқиғасы жаңғырып, құрбандарына тағзым ететін болады.

А.БАЙ

ҒАЛЫМНЫҢ КӘСІБІ

Көпшілік мән беретін екі дүние бар. Яғни адам өмірінде екі таңдаудан қателеспеу керек деген. Біріншісі – жар таңдау болса, екіншісі – мамандығын таңдау. Екеуі де өте маңызды шешім. «Осы екеуін таңдауда қателеспеген адам өмір бойына бақытты болады» дегенді жиі еститінбіз үлкен кісілерден. Бүгінгі кейіпкеріміз Ғалым Әлменов те өзінің жар таңдауда да, кәсіп таңдауда да жолы болған жан екенін айтады. Ұзақ жылдар етікші болып келе жатқан ол өз кәсібінің білгіріне айналған. Бүгінде шебер адал еңбегінің арқасында нан тауып отыр.

Шыны керек, жұрт базарда етік тігіп, не басқа да ауыр жұмыспен айналысатын адамды көрсе «амалы жоқтықтан істейді ғой» деген сарындағы әңгімені жиі айтады. Дегенмен олардың арасында сол өзі қызмет етіп жүрген салаға жан қалауымен келгені де баршылық. Қазіргідей заманда несие алып, мол қаржымен шаруасын дөңгелету көптің қолынан келеді ғой негізі. Алайда жоқтан бар жасау – екенін бірінің қолынан келе бермейтін іс. Кейде осындай қолда бар құрал-жабдығымен күн көріп отырған кәсіп иелерін көргенде қуанасың. Таң атқаннан кеш батқанға дейін біз бен тебенді, балға мен шегені жанына серік еткен етікшілердің ісі оңай емес. Кейіпкеріміз бұл тірлігінен ләззат алатынын, тіпті етік тігу ол үшін демалыс секілді әсер ететінін айтады.

Өйткені Ғалымның етікшілік өнерді өміріне серік еткеніне 15 жылдан асыпты. Етікшілікті өз бетімен үйренген ол ел ішінде танылып қалған. Ісі тиянақты шеберге келушілердің қатары көп екен. «Ерінбеген етікші болады» деуші ме еді? Ол аталған кәсіптің қыр-сырын жақсы меңгеріп, әбден машықтанған. Етікшілік жұмыс күн суып, қыс жақындаған сайын қыза түседі айтуынша. Бұл уақытта аяқ киімнің табанын тігіп, тесігін жамау жұмыстары жиі жасалады екен. Ал жаз, күз, көктем мезгілінде жеңіл-желпі жұмыстар болмаса, жұртқа кезек күттіретіндей шұғыл жұмыс бола бермейді.

Айтуға оңай болғанмен, аяқ киім тігу кез келген адамның қолынан келе бермейтіні шындық. Себебі оған шеберлік, шыдамдылық, аса ептілік қажет.

– Расы керек, мен алғашында бұл жұмысқа отбасымды асырау үшін, күнделікті табыс ретінде қарап келдім. Уақыт өте келе қызығушылығым артып, бүгінде нағыз кәсібіме айналды. Мен өз жұмысымнан ләззат аламын. Он бес жылдан бері көп нәрсені үйрендім. Өз ісіме де жауапкершілікпен қараймын. Бүгінге дейін жөнделген аяққиімдерге сын айтып, реніш білдірген тұтынушы болған емес. Керісінше, алғыс айтатындар көп, – дейді етікші.

К.АҚТАН

Баспасөз-2022

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2022 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ДАРИЯҒА СЕНІП ЕГІН ЕГУГЕ БОЛА МА?

Биылғы жазда Сыр өзеніндегі судың деңгейі төмен болды. Бұл егіншілікпен айналысатын диқандарға қатты әсер етті. Енді келер жылы дарияның жағдайы қалай болады. Диқандар Сыр өзеніне сеніп, егін еге ала ма? Тіршілік көзінен таршылық көру кімге оңай соқсын? Су азайса да Сыр күрішін азайтпау керек. Сол үшін де еңбекшіл қауым ебін тауып, егінін мейлінше мол алуға тырысты.

Қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметіне сүйенсек, қала бойынша биыл 4133 гектар жерге күріш егіліп, барлығы 21 264 тонна күріш алынған. Сонымен қатар 100 гектар күздік бидайдан 90 тонна, 365 гектар жаздық бидайдан 297,5 тонна өнім алынған. Одан бөлек 48,3 тонна арпа, 3196 тонна жоңышқа, 6 тонна мақсары бар. Сондай-ақ биыл диқандар қаланың «астық қамбасына» 17397 тонна көкөніс пен 13167 тонна бақша дақылдарын толтырды.

Нәтижесінде Қызылорда қаласында 1 желтоқсандағы дерек бойынша ауылшаруашылық өнімінің жалпы көлемі 12,8 млрд теңгені құрайтын өнім жиналған. Су тапшылығы туындатқан мәселелерге қарамастан өнімнің нақты көлемінің индексі өткен жылмен салыстырғанда 5,9 процентке артқан.

3 БЕТТЕ

CNN CNN CNN

АУҒАНСТАНДАҒЫ АШТЫҚ

Суреттегі сәбидің жасы 3-те. Бірақ ол жаңа туған шақалақтай кіп-кішкентай. Оның қазіргі жағдайы Ауғанстандағы аштықтың ашық көрінісін суреттеп тұрғандай. Бүгінде бұл елдегі экономикалық дағдарыстың әсерінен адамдар бір үзім нанға зар болып отыр. Осы орайда CNN арнасының тілшілері Анна Корен мен Джесси Юнг «Жантүршігерлік бейнелер Ауғанстандағы балалардың аштықтан қиналғанын ашып көрсетеді» тақырыбында мақала жариялады.

Мақалада көрсетілгендей, суреттегі Камилла есімді қыздың жасы 3-те болса да оның салмағы небәрі 5 келіні құрайды екен. Оның әжесі Биллистің айтуынша, кішкентай қыздың аштықтан қиналып жатқанына бүгінде 8 ай болған. Камилла Ауғанстанның оңтүстігіндегі Кандагар қаласының ауруханасында аштықтан ауруға шалдыққан балалардың бірі.

Тіпті жылауға шамасы жоқ сәби ауырғаннан өз құлағын тырнап әлек. «Оның анасы ауруға шалдыққан, ал біз кедейміз. Анасы емізгісі кеп қанша тырысқанмен сүт болмады», – дейді әжесі.

Камилланың отбасы – қатал қыста дағдарыс кезінде тамақ табу жолында жанталасқан миллиондаған ауғандықтардың бірі. Құқық қорғау ұйымдары халықтың ең осал тобы ана мен бала зардап шеккенін алға тартып, шет мемлекеттерден көмек сұрауда.

Дегенмен Талибан ұйымының (Қазақстанда тыйым салынған) өкілі елде экономикалық проблемалар барын айтса да, «дағдарыстың» жұрт ойлап тапқан жалған ақпарат деп пікір білдірген. «Ешкім аштықтан қырылмайды, өйткені аштық жоқ, дүкендерде тамақ толып тұр», – дейді Талибан ұйымының ресми өкілі Забихулла Муджахид. Алайда ауруханада түсірілген суреттер бұл пікірді жоққа шығарады.

Талибандар тамызда Ауғанстан билігін басып алғанға дейін де мұнда құрғақшылық, экономикалық құлдырау, ұзаққа созылған қақтығыс пен пандемия салдарынан кедейлік пен азық-түлік жетіспеушілігі кең таралған еді. Бірақ билікті басып алғаннан кейінгі үш айдан соң дағдарыс өршіп кеткен. Дамуға бағытталған шетелдік миллиардтаған доллар жоғалып, елдегі экономиканы, негізгі қызметтер және гуманитарлық қызметкерлер қолдайтын ақшасыз қалды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, 23 миллионға жуық адам, яғни халықтың жартысынан астамы қыс басталысымен аштықты бастан кешіруі мүмкін. Сондай-ақ 5 жасқа дейінгі кем дегенде миллион бала аштықтан көз жұмуы мүмкін.

Жағдайдың нашарлығы соншалық, кейбір ауруханалар жанар-жағармайға ақшасы болмағандықтан палаталарды жылыту үшін от жағуға мәжбүр. Ал көмек көрсету топтары халықаралық қауымдастық қазір әрекет етпесе жағдай нашарлайды деп дабыл қағуда.

Ауа райының нашарлауы тамақ өндірісін құлдыратты. Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының мәліметі бойынша, ауғандықтардың басым көпшілігі ауыл шаруашылығына тәуелді. Бірақ ел құрғақшылық салдарынан биыл егіннің 40 процентінен айырылған. Азық-түлік қоры азайған сайын, бидай мен нан сияқты негізгі азық-түліктің бағасы шарықтап кеткен.

«Бізде нан мен су ғана бар. Кейде оның өзі де болмай қалады», – дейді арнаға пікір берген сатушы Мусафер. Айдың басында ол да өз қызын Чагчаран провинциясының астанасы Гордағы ауруханаға апарып тастауға мәжбүр болған. Үш жастағы Разияның ауру жанын жегідей жеп, анасының құшағына тығылғанда қабырғалары ап-анық көрінеді. «Оған тамақ алып келетіндей жұмыс та, ақша да, тамақ та жоқ. Оны әр көрген сайын өзімнің шарасыздығыма күйінемін», – дейді Мусафер.

БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының Ауғанстандағы өкілі Ричард Тренчард қараша айындағы мәлімдемесінде елдегі жағдайды «апаттық» деп атады. «Әрбір фермер биыл егіннің барлығын дерлік жоғалтқан. Көпшілігі малын сатуға мәжбүр болған, өйткені олар қарызға белшесінен батқан, өтейтін ақшалары болмаған», – деді ол.

Талибан билікке келгенге дейін елдің көптеген ауылдық жерінде кедейшілік жиі болған, бірақ қазір орта тап пен қалалықтар да кедейлікке ұшыраған. Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы көп ай бойы жалақы алмаған мемлекеттік қызметкерлер, мектеп директорлары тамақ пен медициналық көмекке кезекте тұрғанын ескерткен. Агенттік мәліметінше, халық азық-түлік алу үшін киімдерін, жиһаздарын, малын, тіпті кейде тұтас үйлерін де сатып жатыр.

«Бір кездері аштық қаупі тек ауылдық жерлермен шектелген еді. Алайда қазір Ауғанстанның ең тығыз қоныстанған 11 қаласының 10-ы азық-түлік жетіспеушілігінің ең қиын деңгейіне тап болды», – деді қарашада БҰҰ-ның Ауғанстанға көмек көрсету миссиясының басшысы Дебора Лионс.

«Көшіп-қону лагерінде сататын ештеңесі жоқ кейбір кедей отбасылар қыздарын келін етіп сатып алуды ұсынады. Бұл басқа балаларын тірі қалдырудың жалғыз жолы», – дейді CNN арнасына пікір білдірген бірнеше ата-ана.

CNN арнасына жасаған мәлімдемесінде Талибан өкілі Муджахид ауғандықтарға азық-түлік пен дәрі-дәрмек қажет екенін айтқан. Оның айтуынша, ұйым бұл арқылы «гуманитарлық көмек» көлемін ұлғайтып, қиын жағдайға тап болған отбасыларға таратып бермек.

Қазіргі кезде ауруханаларда дәрі-дәрмек пен мамандар жетіспейді. Алайда науқастар күн сайын келіп түсуде. Ауғанстанның жалпыұлттық денсаулық сақтау бағдарламасын бұрын Дүниежүзілік банк қаржыландырған. Қаржыландыру тамыз айында тоқтап, нәтижесінде 2300 денсаулық сақтау мекемесі медициналық құралдарды сатып алатын және жалақы төлейтін қаражатсыз қалды.

4 БЕТТЕ

ҚОЛТАҢБА

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей». Бұл – Темірхан Әлімқұловтың өмірлік ұстанымы. Табанақы, маңдай терімен кәсібін дөңгелеткен құрылысшы айналасына адал еңбекті насихаттап, өзі үлгі болып келеді. Бүгінде істің қиюын келтіріп, кәсібінен несібесін теріп отырған кейіпкеріміздің өңірдегі құрылыс саласында өзіндік қолтаңбасы бар.

Мамандықтың қай-қайсы да қадірлі. Әрқайсының өзіне тән ерекшелігі, қоғам өміріне тигізер пайдасы мен алар орны бар екені сөзсіз. Кез-келген мамандық иесі адал еңбектің нәтижесінде өз ортасына, кіндік қаны тамған туған жеріне қызмет етеді. Бүгін біздің әңгімемізге арқау еткелі отырған ерекше құрметке ие кәсіп иесі – бұл құрылысшы мамандығы. Қыстың қақаған аязы мен шіліңгір шілденің аптап ыстығын да, құрыш білектің қуатын зәулім ғимараттардың бой көтеруіне арнайтын құрылысшылардың еңбегі зор. Бүгінде олардың ерен еңбегінің арқасында қаншама адам жайлы тұрғын үйде алаңсыз ғұмыр кешуде. Халық денсаулық сақшыларын «Ақ халатты абзал жан» десе, құрылысшыларды «Алтын қол», «Құрыш қол» деп дәріптейді.

МІНГЕНІ ПЫРАҒЫ АБЫРОЙДЫҢ

Темірхан Әлімқұлов 1956 жылы Қызылорда облысы Тартоғай станциясында дүниеге келді. 1964-1974 жылдары Бәйгекөм қыстағындағы орта мектепті бітірді. Алғаш еңбек жолын Шиелі ауданындағы №97 СПТУ-да жүргізуші болып бастады. Одан кейін Алматы темір жол транспорты инженерлер институтына «Инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша оқуға түсті. Сөйтіп, Бәйгекөм қыстағында ПМК-47 мекемесінде тас қалаушы болып жұмыс істеді. Қарапайым маман болып бастаған кейіпкеріміз өзінің еңбеккорлығының арқасында биіктен көріне білді. Атап айтсақ, Шалқар станциясындағы СМП-660 «Ақтөбетрансстрой» мекемесінде учаске мастері, 1983 жылы прораб, 1984 жылдан бас инженер қызметтерін атқарды. Содан бері құрылыс саласындағы қанша сатыдан өтті.

Қазіргі кезде «СМП-Қызылорда» ЖШС облыс көлемінде ғана емес, ел аумағындағы кез-келген күрделі ғимараттарды салу бойынша құрылыс монтаждау жұмыстарын бірінші санаттағы мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырады. Бұл мекеме арнайы құрылыс техникасымен, түрлі мақсаттағы механизмдер және үлкен автомобильдер паркімен жабдықталған.

– Бұл мекеменің тарихы тереңде жатыр. Толығырақ айтсақ, алғаш 1945 жылы Қызылорда

қаласынан Ташкент темір жолы механикаландырылған колоннасының прорабтық учаскесі болып құрылды. Ал 1958 жылы осы учаске базасында Теміржол байланысы министрлігіне қарасты Қазақ теміржолының СМП-355 құрылыс мекемесі жасақталды. Ол Түркістан станциясынан Сексеуіл станциясына дейінгі аралықтағы теміржол саласына байланысты барлық құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізумен

айналысты. Айта кету керек, мекеме құрылғаннан бері қырық жыл ішінде вагон депосын қайта жарақтандыру кешенін, теміржол ауруханасын салды. Қалалық ішкі істер бөлімі орналасқан аудандағы, темір жол вокзалы маңындағы тұрғын үйді, монша, локомотив депосы, рельс дәнекерлеу зауыты, нан зауыты, балабақшалар және басқа да нысандар салып, пайдалануға берді. Осылайша 1998 жылы темір жол құрылыс мекемесінің барлығы «Желдорстрой» акционерлік қоғамы құрамына еніп, осы құрамдағы біздің мекеме СМП-4 болып аталды. Сөйтіп, көптеген нысанға құрылыс монтаж жұмысын жүргізе бастады. Сол кезде қарашығанақ кешенінде темір жолды дамыту, Ақсай темір жолы, Ұзынағаш-Алматы темір жол учаскесін жарықтандыру, жанармай құю бекеті, шағын қазандық құрылысы салынды. Ал 2002 жылы «Желдорстрой» АҚ кәсіпорыны қайта құрымдауға түсіп, мекеме жаңадан өз алдына «СМП-Қызылорда» ЖШС болып аталды. Алғашқы кезде мекеменің ішкі жағдайының төмен екенін көрдім. Жұмысшылардың да жағдайы жасалмаған. Осы кезеңде құрылыс саласының ыстығына күйіп, суығына тоңып, шыңдалдым. Қиындықты көппен бірге көріп, жетістікке жұртпен бірге жеттік, – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде серіктестіктің өндірістік қуаты жоғары. Кәсіпорында лай-бетон дайындау торабы, ағаш құрылым цехы, арматура цехы, механикалық цех, пластикалық бұйымдар цехы, шағын темірбетон бұйымдарын дайындау цехы, қозғалқыштарды орау цехы, екі бетон зауыты және база аумағында ұзындығы 3,6 шақырым теміржол желісі бар.

«СМП-Қызылорда» ЖШС құрылған уақыттан бері тұрғын үйлер, мектептер, балалардың жазғы тынығу лагерін, ауыл клубтарын, салды. Атап айтсақ, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені, Қорқыт ата мемориалды кешені, әкімшілік ғимараттардың құрылысын жүргізді. Сондай-ақ Шиелі ауданы елді мекендері мен Шиелі кенті, Жосалы кенті, Қызылорда қаласындағы шет аймақ тұғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету жұмысына үлес қосты. Сонымен қатар қаладағы «Арай» шағын ауданындағы №10-13-ші 50 пәтерлік тұрғын үй мен Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі 60 пәтерлік тұрғын үй құрылысын жүргізді. Сонымен қатар Шиелі ауданы Иіркөл ауылдық округіне қарасты Ы.Жақаев елді мекеніндегі мұражайды ел игілігіне пайдалануға берді. Ал Жаңақорған ауданы Төменарық елді мекеніндегі 300 оқушыға арналған мектептің құрылысын сапалы аяқтап, қаншама балаға қуаныш сыйлады. Сондай-ақ Шиелі кентінде 150 төсектік аудандық аурухана құрылысын бітірді. Жақында ғана сол жағалау мен СПМК-70 тұрғын ауданына көп қабатты үйлердің құрылысын өткізіп, кілтін табыстады.

Бүгінде мекемеде 245 адам еңбек етуде. Оның ішінде 171 әртүрлі мамандық иелері бар. Атап айтсақ, 42 экскаватор, бульдозер, кран машинистері мен жүргізушілер мен 32 инженерлік-техникалық қызметкерлер бар. Мұнда жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, жалақы, еңбек демалысын уақытылы беру, арнайы киммен қамтамасыз ету басты назарда.

– Соңғы жылдары Сыр өңіріндегі құрылыс қарқыны еліміз бойынша алдыңғы қатардан көрінгені баршаға мәлім. Қаншама шағын аудандар бой түзеп, әдемі ғимараттар еңсе тіктеді. Бүгінде Сырдарияның жағалауынан жаңа қаланың құрылысы қарқынды жүруде. Сол жетістіктерге біздің құрыш қол құрылысшылардың еңбегі ерен. Себебі құрылыс алаңында тер төккен құрылысшылар – негізгі еңбек күші. Қоғам өзгеріп, дамыған сайын бұл мамандыққа деген қажеттілік күн санап артып келеді. «Біткен іске сыншы көп» демекші, құрылыс айналасында сын көп екені де шындық. Құрылысшы ретінде сапаға мән береміз. Осыған дейін жүргізген құрылыс сапасына байланысты шағым болған емес. Сапалы құрылыс жүргізу нәтижесінде елдің алғысына бөленіп келеміз. Осы орайда құрылыс саласында еңбек етіп жүрген сәулетші, жобалаушы, инженер, тас қалаушы, сылақшы, сияқты көптеген кәсіп иелерінің ақ адал маңдай терін айта кету керек, – дейді Темірхан Әлімқұлов.

Жасыратыны жоқ, құрылыссыз өмірде өзгеріс те, қозғалыс та болмайды. Тәуелсіздік алған жылдары құрылыстың бәсеңдеуі, құрылысшыларға жұмыстың тағы бұлмауы бұл мамандықты сәл де болса әлсіретіп, мықты мамандарды жоғалтып алды. Дегенмен қазір еліміздің қай өңірінде де құрылыс қарқыны жоғары деңгейде.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, кейіпкеріміз түрлі қайырымдылық шараларға қатысып, демеушілік жасап келеді. «Оң қолың бергенді, сол қолың көрмесін» деген тәмсілді берік ұстанатын кәсіпкер мұқтаж жандарға жасаған қамқорлығын жарияға жар салған емес. Десе де ол кісінің қаншама жанға баспана сыйлап, қаншама адамның ризашылығы мен алғысына бөленіп жүргенін өзі айтпаса да, ел жақсы біледі.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Сыр өңірінде жаңадан байдарка және каноэ есу базасы жұмысын бастады. Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова нысан жұмысына арнайы барып танысты.

БАЙДАРКА ЖӘНЕ КАНОЭ ЕСУ БАЗАСЫ АШЫЛДЫ

Спорт нысанында бапкер, аға жаттықтырушы Мухитдин Мейірбеков байдарка және каноэ есу бағыты бойынша жастарды даярлау ісіне қатысты негізгі ерекшеліктерін атады. Аймақ басшысы жастармен тілдесіп, пікір алмасу барысында жаңадан бой көтерген байдарка және каноэ есу базасы Сыр спортының дамуына серпін беретінін атап өтті.

Базада спортшыларға арналған жаттығу залы, монша, медициналық көмек көрсету пункті және асхана бар. Ал базаның жанында қайық сақтау қоймасы және жазғы оқу-жаттығу процесін жүргізетін су аумағы орналасқан. Нысанда 80 бала спортпен шұғылданды алады және жаңа нысан арқылы 15 маман жұмыс көзін тапты.

Жалпы Қызылорда облысында байдарка және каноэ есу спорты 2012 жылдан бастап жұмыс істеуде. Қазіргі таңда аталған спорт түрімен өңірдің спорт мекемелерінде 4 жаттықтырушы 56 спортшымен тұрақты жұмыс істеуде. 9 жыл ішінде өңірде 4 ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 8 ҚР спорт шебері, 4 ҚР спорт шеберіне кандидат спортшылар дайындалған. Олардың қатарында Мерей Медетов, Қожахмет Алтынбек, Гүлжайна Тыныбекова, Диас Бахраддин, Диана Удурбаева бар.

Биыл облыс спортшылары ҚР чемпионаттары мен кубоктарынан 90 медальді облыс қоржынына салды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес өңірде 2156 баланы қамтитын мемлекеттік спорттық тапсырысты қаржыландыруды 2021 жылғы 212 млн теңгеден келесі жылы 4312 балалар үшін 638 млн теңгеге ұлғайту жоспарлануда.

Сондай-ақ облыс әкімі Баймұрат батыр ауылында орналасқан психикалық денсаулық орталығына қарасты «Наркологиялық стационардың» жұмысымен танысып, оңалту және серуендеу алаңын да көрді.

Стационар ағымдағы жылы қайта жаңғыртудан өткен. Емдеу мекемесінде 170 төсек орын бар. Науқастарға наркологиялық көмек, медициналық оңалту, жалпы терапиялық, зертханалық диагностика секілді медициналық көмек көрсетілуде. Мұнда 90-ға жуық маман еңбек етуде.

«Ақмешіт-ақпарат»

СЕССИЯ

ҮШ ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ: ҚАЛАДА НЕ АТҚАРЫЛМАҚ?

Осы аптада қалалық мәслихаттың кезекті сессиясы өтті. Оған Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев, қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев, қала әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, кент, ауылдық округ әкімдері, депутаттар және БАҚ өкілдері қатысты. Күн тәртібінде үш мәселе қаралды.

Бірінші мәселеде 2022-2024 жылдарға арналған қалалық бюджет қамтылды. Бұл бойынша қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова баяндады.

– Қалалық бюджет 2022 жылға төмендегідей көлемде бекітілсін. Яғни кірістер – 50315214,8 мың теңге, оның ішінде салықтық түсімдер – 8992578 мың теңге, – деп әр салаға жеке-жеке тоқталды. Оған қоса кент және ауылдық округтер бюджеттеріне қалалық бюджет қаражаты есебінен 2022 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінуі қала әкімдігінің қаулысы негізінде қаражат бөлу қарастырылады. Олар жалақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын ұлғайтуға, елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға, абаттандыру және көгалдандыруға, сондай-ақ автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге жұмсалады, – деді қалалың бас экономисі. Бөлім басшысының баяндауынша, келер жылы да атқарылатын жұмыс аз емес.

– Келер жылдың 1 қантарынан бастап ең төменгі жалақы 42500-ден 60000 теңгеге көбеюіне байланысты қоғамдық жұмыстарға 159516 мың теңге қосымша қаржы қаралды. Мамандарды әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды іске асыруға және «Дипломмен ауылға» жобасы аясында тұрғын үй сатып алу үшін кредит беру жөніндегі операциялық қызметтеріне арналған шығындарды өтеуге біршама қаржы жоспарлануда, – деді қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы.

Қалалық бюджет 2022 жылға төмендегідей көлемде бекітілсін. Яғни кірістер – 50315214,8 мың теңге, оның ішінде салықтық түсімдер – 8992578 мың теңге, – деп әр жүйеге жеке-жеке тоқталды. Оған қоса кент және ауылдық округтер бюджеттеріне қалалық бюджет қаражаты есебінен 2022 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінуі қала әкімдігінің қаулысы негізінде қаражат бөлу қарастырылады. Олар жалақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын ұлғайтуға, елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға, абаттандыру және көгалдандыруға, сондай-ақ автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге жұмсалады

Қаржы бөлуде газдандыру мәселесі назардан тыс қалмады.

– 2022 жылы барлығы 2438604 мың теңге, оның ішінде «шыны зауытынан АГТС-1-ГГТП-1 және ГГТП-2-ГТП-Наурыз, Махамбет газ құбырына дейін 1,2 МПА жоғары қысымды газ құбырын және Қызылорда облысы Махамбет және Наурыз кенттерінің ішкі орамды газ құбырын салу» жобасына ұлттық қордан 2000000 мың теңге және облыстық бюджеттен нысаналы трансферт арқылы қоса қаржыландыруға 438 604 мың теңге жоспарлануда, – деп атап өтті Г.Баймаханова. Жалпы келер жылдан бастап, бөлінген қаражат көзіне қарай қала және оған қарасты елді мекендерді түрлі бағыт бойынша ауқымды тірлік күтіп тұр. Оның ішінде ауыз су жүргізу, көгілдір отынға қосу, жарықтандыру, көшелерді жөндеу секілді жобалар бар.

Сессия отырысында қалалық мәслихат хатшысы И.Құттықожаев ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтап, бірқатар депутаттар марапат төрінен көрінді. Сонымен қатар қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарылған жұмыстың қоғамдық рейтингісінің қорытындысы бойынша Белкөл кенті, Ақжарма және Қосшыңырау ауылдарының әкімдері арнайы номинацияға ие болды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қалалық мәслихаттың биылғы атқарған жұмыстары сараланды. Бұл жайында мәслихат хатшысы И.Құттықожаев толығырақ тоқталып, жыл ішіндегі жұмыс барысы слайд арқылы көрсетілді.

– Өңіріміздің тыныс-тіршілігіне қатысты өзекті мәселелер мәслихат сессияларында қаралды. Жыл басынан бері VII шақырылған қалалық мәслихаттың 15 сессиясы өткізілді. Оның 4-уі кезекті, 11-і кезектен тыс. Сессияларда 90-нан аса шешім қабылданды. Қабылданған шешімдер уақытылы Әділет органдарына және тиісті орындарға жолданды.

Сессияда қаралған қала аумағындағы жолаушы тасымалын ұйымдастыру мәселесі бойынша қоғамдық көліктердің жаңа жол сызбасын тездетіп аяқтау, қолдауды қажет ететін жеке меншіктегі әлеуметтік маңызы бар автобус бағыттарына субсидия беру мәселесі қамтылды. Осы мәселеге орай жақында өткен облыстық мәслихат сессиясында «2022-2024 жылдары субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесін анықтау» туралы шешім қабылданып, алдағы уақытта жеке меншіктегі әлеуметтік маңызы бар бағыттарға субсидия қаралатын болады, – деді қалалық мәслихат хатшысы.

Экономиканың әлеуетін арттыратын шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың маңызы зор. Бұл мәселені сессияда қарау барысында депутаттар тарапынан айтылған, қала бойынша тігін, тамақ өнімдері, жиһаз шығару бағытындағы өндіріс орындарын ашу, пандемия салдарынан зардап шеккен базарлар, сауда-саттық, қоғамдық тамақтану орындары мен мейрамханалар саласын оңалту шараларын жүргізуге қатысты қабылданған сессия шешімдерінің орындалуы жоспарға сәйкес тұрақты комиссия отырыстарында назардан тыс қалмады.

Кезекті сессияда қаралған тағы бір өзекті мәселе – агроөнеркәсіп кешенін дамыту жағдайы.

– Сыр өңіріндегі Ыбырай Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының ғылыми потенциялын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға кеңінен пайдалану қажет. Ол үшін ҒЗИ-дың материалдық-техникалық базасын нығайтып, ғалымдарға қолдау көрсетілуі тиіс. Бұл бағытта облыс әкімдігіне жазылған хатқа орай Ыбырай Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығына» қарасты ғылыми мекеме болуына орай зерттеу институтының материалдық-техникалық базасын нығайту және қаржыландыру жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кірмейтіндігі белгілі болды. Бірақ бұл мәселе мәслихат депутаттарының назарында болады, – деді И.Құттықожаев.

Есепті мерзім ішінде қалалық мәслихат жанындағы тұрақты комиссиялардың 22 отырысы өткізіліп, күн тәрбінде қаралған 40-қа жуық мәселе бойынша жергілікті атқарушы органдар назарына тұрақты комиссия қаулысымен 138 ұсыныс берілді. Сессия қарсаңында тұрақты комиссиялардың жеке және бірлескен отырыстары өткізіліп, сессияның күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыладық. Тиісті қаулы қабылданады.

Осы ретте қалалық мәслихаттың 2020 жылғы 14 желтоқсандағы 72 сессиясында бекітілген «2021-2023 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне биыл 6 рет нақтыланып, 4 рет түзету енгізілді. Нақтылаулардың нәтижесінде 2021 жылға арналған қалалық бекітілген бюджет 52 млрд теңгеден нақтыланған бюджетте 64,2 млрд теңгеге дейін яғни 12,2 млрд теңгеге арттырылды.

– Оған қоса қаланың «Даму» бағдарламасы мен алдағы міндеттері талқыланды. Соған сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерге ұсынылған 21,2 млрд теңгеге 49 жобаның барлығы коммуналдық саланы ілгерілетуге, шаһарды абаттандыруға, халыққа қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Солардың қатарында депутаттық корпус тарапынан көтеріліп жүрген қоғамдық көлік қатынасы, ауыз су және аяқ судың үздіксіз берілуі және тазалық жұмыстарының үйлестірілуі бар. Аталған бағдарлама аясында депутаттардың ұсыныстары ескеріліп, өзекті мәселелерге қажетті қаржылар бөлінуі жоспарлануда, – деді мәслихат хатшысы.

Тілші түйіні: Депутаттық мінберден көрінген биылғы сайланған жаңа депутаттар да сессия отырысында өз ұсыныстарын ортаға салды. Жалпы олар тарапынан белсенділік байқалды. Жылды жақсы аяқтаған халық қалаулылары келер жылы да өз сайлаушылары арасында қарқынды жұмыс істемек.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттерді түсірген: **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ДАРИЯҒА СЕНІП ЕГІН ЕГУГЕ БОЛА МА?

Су тапшылығын болдырмау мақсатында бірқатар жұмыс атқарылған. Бұл туралы қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбек баяндап берді.

– Егістікті сумен қамтамасыз ету мақсатында шаруашылықаралық және ішкі шаруашылық каналдарынан барлығы 86,3 мың текше метр топырақ тазартылды. Сондай-ақ Қосшыңырауға екі, Аксуатқа екі, Қызылөзекке екі, Талсуат пен Белкөлге бір-бірден су насостары орнатылды. Ал егін шаруашылығында суды үнемдеу мақсатында күрішті көшеттеп егу технологиясы тәжірибе ретінде алғаш рет енгізіліп, Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институтымен мен «Golden Bridge Turan» серіктестігі бірлесіп, жапон технологиясымен 175 гектар жерге Өзбекстанның «Лазурный» және «Искандер» сорттары көшеттеп егілді. Тамшылатып суару технологиясымен Қарауылтөбе ауылдық округінде 4 гектар қызанақ және Қызылөзек ауылдық округінде 8 гектар картоп егіліп жиналды, – дейді бөлім басшысы.

Бөлім басшысы Нұрбек Әзірбекұлы келер жылы су тапшылығын болдырмау мақсатында жүзеге асатын жобаларының жоспарымен де бөлісті. Мәселен, облыс бойынша 2025 жылға дейін суармалы алқаптарда су үнемдеу технологияларын енгізу жоспары әзірленген. Жоспарға сәйкес келесі жылы қашыртқы суын насос қондырғылары арқылы қайта пайдалану жоспарланып отыр. Бүгінгі күні қашыртқы суын қайта пайдалану мақсатында қажетті 5 дана насос қондырғыларын 2022 жылдың бюджеттік өтінімге енгізуге «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалына ұсыныс хат жолданған.

Одан бөлек, 150 гектар жерге тамшылатып суару әдісін қолдану және 2020 жылы күріш дақылын 100 гектарға көшеттеп егу жоспарланып отыр екен.

Басы 1-бетте

Дегенмен Сырдариядағы су деңгейінің азаюы бұл біздегі ғана мәселе еместігін Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі атап өтті. Серік Қожаниязов Орталық коммуникациялар алаңында «Арнасы тартылып бара жатқан Сырдария өзенін қайта қалпына келтіру бойынша қазіргі уақытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?» деген сұраққа «Сырдария өзенінің арнасы тартылып барады деп айтуға болмайды. Сырдария өзенінің суы азайып барады. Ол – біріншіден, табиғи құбылыс. Осымен төртінші жыл Дария суының азаюы жалғасып келеді. Оған қыс мезгілінде қардың аз түсуі, жауын-шашынның аз болуы себеп болып отыр. Су Қазақстанға келем дегенше, жоғары жақта бірнеше ел бар – Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан. Бұл елдерде де суға мұқтаждық бар, – деп жауап берді.

Вице-министр мәселені шешу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жайымен бөлісті: «Біз қарап отырған жоқпыз. Жұмыс істеудеміз. Біріншіден, Арал-Сырдария бассейнінің өзге елдің суына тәуелділігі 91%. Қазақстан аумағында шамамен қалған 9% су пайда болады. Сол себепті сыртқы елдермен түрлі тәсілдерді пайдаланып, шаралар қабылдап жатырмыз, – деді экология министрлігінің өкілі.

Билік мәселенің мәнісін майшаммен қарап жатыр делік. Дегенмен әзірге су тапшылығы әлі де болса күн тәртібінен түскен жоқ. Сол қиындықтардан шаруашылық иелері биыл қалай өткенін, қандай шаралар қолданғанын сұрап білуді жөн көрдік. Бұл мақсатта ел қамбасын толтыруға айтарлықтай үлес қосып отырған «Жаңажол» ЖШС басшысы Орынбасар Төлеповпен тілдестік.

Шаруашылық басшысы биылғы жылы су деңгейі төмен болғанын, ол егінге біраз қиындық тудырғанын жасырмады. Судың келмеуінің себептерін де атап өтті.

– Жалпы су деңгейінің азаюының түрлі себебі бар. Қырғызстаннан бастау алатын су негізінен таудағы мұздақтардың еруінен пайда болады. Ал ауа райының 1,5 градусқа жылуы судың азаюына себеп болып тұр. Жылда айтылып жүрген мәселе болғанмен, биылғы судың азаюы егінге үлкен әсер етті, – дейді шаруашылық басшысы Орынбасар Өтепұлы.

Биыл «Жаңажол» шаруашылығы 2920 гектар жерден 21000 тонна күріш жинаған. Шаруашылық өзі жоспарлаған межеге де жетті. Бірақ бұл көрсеткішке жету үшін қосымша шығын жұмсауға тура келген. Оның ішінде су қашыртқыларына су айдау үшін қосымша насостар орнатқан. Әр жерде орнатылған насостардың жұмыс істеуі үшін жанармай керек. Оның да бағасы қалтаға салмақ екені анық.

Орынбасар Өтепұлы облыстық мәслихат депутаты, әрі шаруашылық басшысы ретінде жақында судың тапшылығына байланысты өткен арнайы жиынға да қатысқан.

– Біз қазір Шіркейліге түсіп жатқан судың нақты көлемін білмейміз. Жақында бір австриялық компания Шіркейлі каналының бойына арнайы шлюз орнату ұсынысын жасады. Олардың құралы заманауи, барлығы компьютер арқылы басқарылады. Бір артықшылығы, келіп жатқан су көлемін анықтайды, қажетті суды есептеп жібере алады. Яғни ол құрал маған қажетті суды есептеп, шлюздер арқылы жіберетін болады. Әр шаруашылық суды үнемдеп пайдаланса, бұл мәселені реттеуге мүмкіндік бар. Бірақ мекеме өкілдері бұл жобаны құптамай отыр, – дейді ол. Ол депутат ретінде алдағы сессияға бұл жобаны ұсынып та көрмек.

Орынбасар Төлепов басқаратын шаруашылық келер жылы 3400 гектар жерге күріш егуді жоспарлап отыр. Дегенмен егінге келетін кері әсер есесін жібермей тұрғандай. Мәселен, арнайы тыңайтқыштарды сатып алуда да біраз қиындық бар. Бүгінде кей тыңайтқыштардың бағасы 2-3 есе өсіп кеткен. Жанармайдың бағасы да күн сайын шарықтап барады. Сол себептен шаруаларда «Өз шығынын да жаба алмай қаламыз ба...» деген қорқыныш та жоқ емес.

Бұл мәселеге орай Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының «Қызылорда» білім тарату орталығының жетекшісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Жанұзақ Байманов айтынша, 2021 жылдың вегетациялық кезеңінде Шардара су қоймасына 4084 млн текше метр су түсуі болжанса, нақты түскен су көлемі 2319 млн текше метрді құраған. Алдағы жылға болжамдар мен қазіргі жағдай да мәз емес екен. Қазіргі уақытта Шардарадан жоғары орналасқан су қоймаларындағы жинақталған су көлемі 15,2 млрд текше метр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,6 млрд аз. Бүгінгі күні Шардара су қоймасында 1418 млн текше метр, яғни өткен жылмен салыстырғанда 814 млн текше метрге кем. Көкбұлақ су бекетіне секундына 484 текше метр су түсуде, ол өткен жылмен салыстырғанда 397 текше метрге кем.

– Сырдария өзенінде су көлемі мөлшерден аз болуына байланысты биылғы жылдың су пайдалану маусымында су тапшылығы байқалып суармалы егіске су жетіспеуі орын алды. Осы тығырықтан шығу үшін біраз шаруашылықтар насос қондырғыларын пайдаланып, күрішті тұздылығы жоғары қашыртқы суымен суарса, көптеген шаруашылықта күріш атыздарындағы сулар уақытылы ауыстырылмады. Бұл шаралар өз кезегінде күріштің суару режимінің бұзылуына және өнімділіктің төмендеуіне тікелей әсер етті, – дейді Жанұзақ Нұрділдәұлы.

Сондай-ақ жыл сайынғы вегетация кезінде орын алып отырған су тапшылығын азайту мақсатында алдағы жылдары егін шаруашылығын әртараптандыру жұмыстарына басымдық беру керектігін айтты. Бұл бағытта күріш институты ғалымдары, бүгінгі күнге дейін ауыспалы егіске енгізіліп жүрген жоңышқа, бидай, арпа, мақсары дақылдарынан бөлек, құрғақшылық пен топырақ тұздылығына төзімді және мал азықтық көрсеткіштері жоғары түйе жоңышқа, қант құмайы сынды дақылдарды ұсынып отыр екен.

Соңғы жылдардағы өңірдегі ауыспалы егіс жүйесін басқару мен пайдалану бағытындағы өзгерістердің әсерінен, инженерлік жүйенің құрамындағы суару каналдары мен қашыртқы-кәріз жүйесінің және олардың бойындағы гидротехникалық құрылыстардың пайдалану тәртіптерін толық сақталмауынан ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайларының нашарлап, топырақтарының тозуына байланысты суармалы жерлердің көлемі мен өнімділігі кеміген.

«Ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайының нашарлауы әртүрлі дәрежедегі канал арналарының деформацияға ұшырап, қамыстар мен түрлі өсімдіктің өсуіне тікелей байланысты. Осы себептер олардың су өткізгіштік қабілеттерін төмендетіп, су қорларының тиімсіз шығынының мөлшерін арттырады», – дейді ғалым.

Қызылорда облысында орналасқан суармалы жерлерде жер асты суының деңгейі негізінен көлденең кәріздер мен қашыртқылар арқылы төмендетіледі. Бірақ олардың көп жылдан бері тазаланбай, жөнделмеуіне байланысты жерасты суының деңгейін толығымен төмендете алмауда. Осы үдерістің әсерінен суармалы топырақтың тұздануы мен сортаңдануы жеделдеп, олардың ауданы ұлғаюда. Сондықтан қазіргі кезде облысымыздың суармалы жерінің 70-80 проценті түрлі дәрежеде тұзданған. Сонымен қатар суармалы топырақтардағы қоректік заттар – қара шірік, азот, фосфор, калий қоры да кеміп кеткен.

«Осыған орай, қазіргі кезде өңірде ирригациялық жүйелерде қалыптасқан техникалық, мелиоративтік жағдайларды жақсарту мақсатында қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ суармалы жерлерді қайта айналымға қосу және қалпына келтіру туралы Елбасының тапсырмасына сәйкес Қызылордада 158 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру және пайдаланылмай тұрған 29 мың гектар жерді қайта айналымға қосу жөніндегі, жалпы құны 161 млрд теңгені құрайтын 3 жобаны іске асыру үшін тиісті жұмыстар жалғасуда», – дейді Жанұзақ Байманов.

P.S. «Су жоқ жерде өмір жоқ. Ол ақиқат», – деп ақын Мәриям Хәкімжанова айтқандай, судың аздығы біраз қиындық алып келді. Егіні су сұрап тұрғанда, су беретін Сырдария жылап тұрғанда болашақты ойлап біраз уайымдайсың. Ертеден егінмен ел баққан Сыр жұртына бұл қиындық оңай тимей тұр. Ақ маржаны ас та төк болып шықпай қала ма деген ойдан шаруалар әбден шаршады. Бірақ үмітсіз шайтан. Еңбекші қауым еңсесін түсірген жоқ, «Бұл мәселе де шешілер» деп жақсылықтан үмітті...

Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

«ҚЫЗЫЛОРДА ӨЗГЕРГЕН, ТҮРЛЕНГЕН ҚАЛА»

Осы аптада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттық тобының мүшесі Мейрамбек Төлепберген Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді. Негізгі мақсаты – этносаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Аймақты аралаған Парламент Мәжілісінің депутаты өңірлік коммуникациялар қызметінде де журналистермен жүздесті.

– Алдымен Қармақшы ауданы III Интернационал ауылына барып, Цай Ден Хак атындағы мұражайды араладық. Ауылдық мәдениет үйінде тұрғындармен кездестік. Сонымен қатар «Достық жер МК» ЖШС қырман жұмысымен танысып, ауыл шаруашылығы саласының өкілдерімен кездестік. Ел тұрақты, тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Сыр өңірі – қашанда ұлттар достығының жаршысы. Тағдыр қосқан ұлттар Қазақстан деген тәуелсіз мемлекеттің азаматтары. Олар – біздің ағайынымыз, бауырымыз, достарымыз. Елбасының саяси тұрақтылықты сақтау саясатын насихаттау біздің басты мақсатымыз», – деді халық қалаулысы.

Қазір Қазақстанда 1000-нан астам этномәдени бірлестік бар. Әрқайсысы өз жұмысын жүргізіп отыр. Соның ішінде облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, неміс этномәдени бірлестігінің жетекшісі Ирина Шек бірлікті, достықты дәріптеу мақсатында атқарып жатқан жұмыстарына тоқталды.

– Бүгінде 160 азамат осы елдің төл перзенттері болып кеткен. Барлығымыздың да міндетіміз – елдің бірлігі мен тұрақтылығын сақтап, ұлттар достығын дәріптеу. Біздің бірлестік барлық шараларға белсенді атсалысып келеді, – деді Ирина Шек.

Баспасөз мәслихаты барысында Мейрамбек Төлепберген Қызылорда қаласының дамуына да ерекше тоқтала кетті.

– Қызылорда жайлы көп нәрсе айтуға болады. Алғашқы астананың бірі болған тарихи қала. Өзім осыдан үш жыл бұрын келгенмін. Қатты өзгергенін, түрленгенін байқадым. Жаңа ғимараттар, зәулім үйлер, сол жақ жағалаудағы қала бой көтерген. Жұмыс сапарымен көп облыстарда болып жүрмін. Бірақ Қызылорданың менталитеті, табиғаты бөлек. Адамдарының өзі өте еңбекқор. Оған қоса өнер мен мәдениетке жақын халық. Елбасының «Сыр – Алаштың атасы» деген сөзі бар. Міне, Сыр халқы осы асыл сөзді дәлелдеп тұрғандай, – деген бағасын берді.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

АДАЛДЫҚТЫ АР ТҰТҚАН

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері сот жүйесі мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде конституциялық принцип бойынша қалыптасты. Уақыт өткен сайын сот жүйесінің билігі мен тәуелсіздігі нығайып, Елбасының басшылығымен құқықтық-сот реформасына сай тыңғылықты жүзеге асырылып келеді.

«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының «Сыр елінің сот билігі» қор коллекциясынан өтетін «Үш би» Құрмет белгісінің иегері, «Ерен Еңбегі үшін» медалінің иегері, сот жүйесінің ардагері Бақтыбай Сариевтің жеке тектік құжаттарынан таныстыруды жөн көрдік.

Сыр бойының сот саласының тарихында қалған тарихи тұлғалардың бірі – Бақтыбай Сариев. Сот саласында әділеттіліктің салтанат құруы жолындағы міндеттерін, кәсіби борыштарын үлкен абыроймен атқарып, адалдықтың үлгісін көрсеткен маманның бірі.

Архив деректерінде Бақтыбай Сариев 1951 жылы 28 желтоқсанда Қызылорда облысы Арал ауданы Қамыстыбас станциясында дүниеге келген. 1978 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген. Кәсіби еңбек жолын 1973 жылдың тамыз айында Қызылорда облыстық сотының сот отырысының хатшысы, аға консультанты, 1982 жылдың желтоқсан айына дейін Қызылорда облыстық мемлекеттік арбитражында мемлекеттік арбитрі болып жұмыс істейді.

1982 жылдың желтоқсан айынан бастап судья қызметінде, Қызылорда облыстық сотының мүшесі, Қызылорда облыстық соты төрағасының орынбасары, Қызылорда облыстық сотының шаруашылық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы міндетін атқарушы, Қызылорда облыстық сотының судьясы, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 11 мамырдағы №327 Жарлығымен Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы қызметінен босатылып, осы соттың судьясы қызметіне тағайындалды.

Судья қызметін атқару барысында Б.Сариев өзін жоғары білікті заңгер, теориялық және кәсіби дайындығы мол тәжірибелі судья, ұйымдастырушылық қабілеті бар басшы ретінде таныта білді. Іскерлік және жеке басының қасиеттері бойынша оң қырынан сипатталады, облыс судьялары қауымдастығының беделді мүшелерінің бірі. Жаңадан тағайындалған жас судьялармен білімімен, тәжірибесімен бөлісіп, өзін жақсы тәлімгер ретінде көрсетті.

Судьялық еңбек өтілі 36 жылдан асады. 2015 жылы отставкаға шыққан. Сот жүйесіндегі көп жылғы қажырлы еңбегі еленіп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «ҚР Конституциясына 10 жыл» медалімен, Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының «Үш би» Құрмет белгісімен, III дәрежелі «Мінсіз қызмет үшін» медалімен марапатталған, Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының Құрметті мүшесі.

Гүлнар Менеева,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММқоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының архивисі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының 2021 жылғы 12 қарашадағы №115-НҚ бұйрығына сәйкес жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу қызметіне тариф 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап бекітілді:

Жылу энергиясын өндіру қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 3035,56 теңге;

Жылу энергиясын беру және тарату қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2364,37 теңге;

Жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 132,5 теңге;

Яғни, 1 Гкал жылуға орташа босату тарифі ҚҚС-сыз 5532,43 теңге, оның ішінде:

Халыққа 1 Гкал -2253,06 теңге ҚҚС-сыз,

Бюджеттік мекемелерге 1Гкал-19103,22 теңге ҚҚС-сыз,

Басқа тұтынушыларға 1 Гкал-3403,62 теңге ҚҚС-сыз,

Ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясымен жабдықтау -2253,06 теңге.

Тұрғын үйлердің 1 шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 72,67 теңге.

Ыстық суды жабдықтауға жеке есептеу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін 1 адамға 1 айға -360,49 теңге ҚҚС-сыз;

Ыстық сумен жабдықтауға жеке есептеу аспаптары бар тұтынушылар үшін 1 текше метрге -129,55 теңге ҚҚС-сыз.

«ҚЖЭО» МКК-ның жылу энергиясының есептеу құралдары болуына немесе болмауына қарай жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне сараланған тарифтері төмендегідей:

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұрғындар үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 1415,06 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұрғындар үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2703,67 теңге, тұрғын үйлердің 1 шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 87,21 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнату техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын үй-жайында, бірақ типтегі үйлерде тұратын және орналасқан тұрғындар үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2253,06 теңге, тұрғын үйлердің 1шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 72,67 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар өзге де тұтынушылар үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2490,22 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ өзге де тұтынушылар үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 4424,71 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар бюджеттік мекемелер үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 17780,94 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ бюджеттік мекемелер үшін -1 Гкал ҚҚС-сыз – 28654,83 теңге.

БИН 050740006845.

«ҚЖЭО» МКК-ны әкімшілігі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

«ЖОМАРТ ЖҮРЕК»: ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Қызылорда қаласындағы «Достық» үйінде «Қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуы мүддесіндегі әріптестіктің 30 жылдығы» Х жергілікті азаматтық форумы өтті. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет қатысты.

Алғашқы рет бұл форум 2003 жылы өткізілді. Содан бері 2 жыл сайын тұрақты ұйымдастырылып келеді.

«Халық пен билік арасындағы алтын көпірге, азаматтық қоғам өкілдерінің диалог алаңына айналған мұндай басқосулардың маңызы зор. Облыстағы үкіметтік емес ұйымдар саны жылдан жылға көбейіп келеді. Тәуелсіздік алған жылдары облыстағы қоғамдық ұйымдар саны 15 болса, бүгінде олардың қатары 1000-ға жуықтады. Бұл да азаматтық сектор негіздерінің күшейіп, қоғамдағы азаматтық жауапкершілік пен белсенділіктің артқанын көрсетеді»,- облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет.

«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған қажырлы еңбектің арқасында жетістікке жеткен тұлғалардың «Қажырлы еңбек – табыс кілті» атты электронды флаерлерін әзірлеу жобасы іске асырылып, өңіріміздің екі адам тізімге енді. Олар «Абай-Дәулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев және «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы», бірінші деңгейлі педагог Жәмилә Әбжан.

Өңірдегі үкіметтік емес секторды дамытуда Азаматтық Альянс Қауымдастығы үлкен жұмыс атқаруда. «Бір терезе» қағидаты бойынша қолдау көрсету орталығын жүзеге асырды. Азаматтық қоғам өкілдері мен белсенділер,

меценаттар ел өміріндегі кез келген шаруаға, әсіресе пандемияны еңсеруге белсенді атсалысуда.

Азаматтық қоғам өкілдері бас қосқан келелі кеңесте қоғам дамуына үлес қосқан бірқатар азаматтар марапатқа ие болды. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Қауымдастығы» ЗТБ-нің төрайымы, Қызылорда қалалық мәслихат депутаты Анар Ізден марапатталды. Сондай-ақ «Халық алғысы» медалі, ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай облыс әкімінің алғыс хаты бірнеше азаматқа табысталды. Сонымен бірге «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырған республикалық «Жомарт жүрек» байқауының өңірлік жеңімпаздары марапатталды. Атап айтқанда, «Жыл меценаты» номинациясының иегері кәсіпкер Ляйля Ризванова, «Жыл тұлғасы» номинациясының иегері – дәрігер Әлия Қартабаева, «Жылдың үздік ұйымы» номинациясының иегері – «Қызылорда қалалық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестінің жетекшісі – Сәкен Алдашбаев, «Туған өлке» номинациясының иегері – «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов, «Жылдың үздік қамқоршысы» номинациясының иегері – Самұрық инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры Жандос Тұсмағанбетов.

Форумда қоғам белсенділері, жастар, өңірдегі азаматтық қоғам өкілдері баяндама жасап, пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

КӨШБАСШЫ ӘЙЕЛДЕР ДӘРІСІ

Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде көшбасшы әйелдер мектебінің дәрісі өтті. Басқосуға 100-ге жуық қыз-келіншек қатысты. Сондай-ақ аудандардан 70-тен аса әйел онлайн форматта тыңдады. Көшбасшы әйелдер мектебі облыстық әйелдер кеңесінің жанынан құрылды.

Мектеп жетекшісі Әлима Әбдіқалықова жалпы жұмыс жоспары мен мақсатын тоқталды. Жиында филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаеваның, саяси ғылымдарының кандидаты Сәулет Сахиевтың, психология ғылымдарының кандидаты А.Аяғанованың дәрісі тыңдалды. Алдағы уақытта дәріс беруге белгілі ғалымдар, өз істерінің майталмандары, сала мамандарын шақыру жоспарланған.

– Бүгінгі қоғам ақпараттың, ғылым мен технологияның қарқынды даму кезеңінде тиімділігі мен өнімділігі жоғары, мемлекет басшысы атап өткендей, халық үніне құлақ асатын көшбасшыларды қажет етуде.

Бұл сұранысты қанағаттандыру үшін ел алдында беделге ие, тиімді қарым-қатынас жасау әлеуеті жоғары, білімі мен құзыреті ауқымды, жан-жақты көшбасшыларды дайындайтын арнайы мектептерді қалыптастыру қажет. Сондықтан әйелдер көшбасшылығы мектебін құру мақсатында осы алаңда кездесіп отырмыз. Көшбасшы әйелдер мектебінің қатысушылары алдағы онжылдықтарда белсенді азаматтық позициясын көрсете алатын, еліміздің дамуына ерекше үлес қоса алатын белгілі тұлғаларға айналады деп сенеміз, – облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Р.Байназарова.

Дәріс соңында қатысушылар өз пікірін білдіріп, жан-жақты талқылады. Мектеп жоспарына сәйкес, дәріс айына бір рет әр түрлі тақырыпта өткізілмек. Бұл мектепті барлық аудандарда ашу жоспарлануда.

Биыл «Самғау» жастар сыйлығын табыстау оныншы мәрте ұйымдастырылды. Қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов әр салада жұлдызы жанып, еңбегі еленген 11 жасты марапаттады. Шара барысында қала әкімінің орынбасары Бектас Балғабайұлы «Самғау» жастар сыйлығының иегерлерін құттықтап, алдағы уақытта да еліміздің жарқын болашағына бағытталған іргелі істерімен жетістіктерге жете беруіне тілектестік білдірді.

«САМҒАУ» СЫЙЛЫҒЫНА КІМ ЛАЙЫҚ?

«Самғау» жастар сыйлығы белсенді жастардың одан әрі шығармашылығын шыңдап, саяси-мәдени, рухани байлығын арттыруға қолдау көрсету, көтермелеу мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді. Сыйлыққа үміткер ретінде 14 пен 28 жас аралығындағы Қызылорда қаласының белсенді жастары қатысып, үміткерлер 11 номинация бойынша таңдалды. Сондай-ақ ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай арнайы номинация тағайындалды.

Шарада «Ғылыми ізденіс» номинациясын Сәкен Қанжар, «Жас қалам» номинациясын Аслан Нағызханұлы, «Жігерлі жас» номинациясын Бибінұр Өткелбай, «Серпін» номинациясын Ақылбек Қожаберген, «Жас дарын» номинациясын Әл-Мұхаммед Алдажаров иеленді. Ал «Озық ой» номинациясына Алмас Төлеп, «Өндіріс өрені» номинациясына Ақсауле Шамсутдин, «Мейірім» номинациясына Бекзат Сағи, «Абзал жан» номинациясына Гүлвира Төремұрат және «Жас маман» номинациясына Арайлым Кенжебек лайықты деп танылды. Сонымен қатар Айдана Арызқұлова арнайы тағайындалған «Білімді жас» номинациясының иегері атанды.

Сонымен қатар салтанатты жиында өңірдегі жастар саясатының дамуына үлес қосып, Қызылорда қаласы жастарының дамуына ерекше қолдау көреткен әріптестер мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, білімге, өнерге, ғылымға, спортқа жаны құмар, азаматтық қоғамды қалыптастыруда өзіндік үлес қосып жүрген бірқатар жастар қосымша арнаулы номинацияларға ие болды.

Салтанатты шара «Қоғам дамуындағы жастардың рөлі» қала жастарының форумынан бастау алды. Тәжірибе алмасу алаңында «Қазақстанның 100 есімі» жобасының жеңімпазы, халықаралық деңгейдегі психолог, тренер Сымбат Абдрахманова, Жамбыл облыстық жастар ресурстық орталығы басшысының орынбасары Арайлым Абдуалиева спикер ретінде сөз сөйледі.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Мейірім

Жақында бір әдемі көріністің куәсі болдым. Түскі үзіліс. Жұмыстан қайтып келем. Межелі жеріме жеткесін маршруттан түсіп қалдым. Аялдамаға таяу маңда азық-түлік дүкені бар. Үйге қажетті бірнеше зат алмақ болып, әлгі дүкенге бет түзедім.

Алыстан қарауытқан бірдеңені көзім шалып келеді. Жақындағанда бірақ аңғардым. Тротуар бойында тұрған қап-қара марғау екен. Ерсілі-қарсылы адамдар өтіп жатыр. Дегенмен, әлгі жауыраған, мына әлемге бейкүнә көзбен қарап, ашқұрсақ баладай көмек сұраған мысықты ешкім көзге іле қоймады. Сол мезетте маған қарама-қарсы беттен аяғын анық басып, әп-әдемі бойжеткен келе жатты. Бірақ ол өзгелер секілді өтіп кетпей, әлгі марғауға таяп барып, қасына сәл аялдады. Мысықтың жанына отыра қалып, басынан сипап, жұбатқандай болды.

Сөйтіп, мен бара жатқан дүкенге бет алды, мен де ізінен ілестім. Мысық дірдектеген күйі далада қалды. Менің алдымда кезекке тұрған әлгі бойжеткен өзіне керек заттармен қоса, мысыққа арналған «Вискастың» бірнешеуіне ақша төледі. Сосын дүкен сатушысынан бұрышта үйіліп тұрған көп қораптың біреуін сұрап алда да, рақметін айтып, сыртқа шығып кетті. Менде керек-жарағымды түгендеп, ілешала ізінен шығып едім, бойжеткен мысықты қорапқа салды да, көшеден такси тоқтатып, міне кетті.

Мына бір жайтты көріп, мына әлемде әлі де болса, мейірімділік бар екен-ау дедім. Жүректерде адамдық пен адалдық, қамқорлық пен мейірімділік үстемдік құрмаса, жер беті әлдеқашан құрдымға кетер еді. Бұл да Алланың адам баласына берген нығметі шығар деген ой түйдім.

А.БАЙ

CNN CNN CNN

АУҒАНСТАНДАҒЫ АШТЫҚ

БҰҰ есебіне сәйкес, қыркүйек айының соңында ауруханалар мен емханалардың көбі жабылып, қазіргі кезде олардың тек бестен бірі ғана жұмыс істеп тұр.

«Талибан билікке келгенге дейін 39 аурухана халықты коронавирустан емдеді. Қазір оның небәрі үш-төртеуі ғана жұмыс істейді», – дейді Ауғанстаннан Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының кеңесшісі болған Джон Хопкинс университетінің докторы Пол Шпигель.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы – Ауғанстанға қажетті медициналық құралдардың әуе қатынасын қалпына келтірген агенттіктің бірі. Ұйым қарашада төрт көмек жіберген. Бұл шамамен 1,5 миллион науқасты қамтуы керек.

Сондай-ақ БҰҰ қарашада Ауғанстанның денсаулық сақтау саласына 15 миллион доллар бөлген. Бұл қаражат 23 мыңнан астам медицина қызметкерінің жалақысын төлеуге көмектесті. Дегенмен көптеген гуманитарлық қызметкерлер мен медбикелерге бұл қаражат әлі де жеткіліксіз.

«Гор провинциясының ауруханасы дұрыс тамақтанбау, қызылша, суық тию және тұмау сияқты ауруларды емдеу үшін күн сайын 100-ге жуық ана мен баланы қабылдайды», – дейді ауруханың бөлім меңгерушісі Фазилухак Фарджад. Ол бұл аурулардың барлығы бір-бірімен байланысты екенін алға тартқан. Дұрыс тамақтанбаған ана мен бала инфекция жұқтыруға бейім болады. Олар ауруханаларға жету үшін ұзақ қашықтықты өткеруге тура келеді. Бұл да адамның әлсіреуіне алып келеді.

Бірақ ауруханың құрал-жабдықтары мен дәрі-дәрмектері күн санап азаюда. Емделушілерді тамақтандыру үшін сүт қана қалған. «Ауруханаға түскен науқастардың 70 процентінің жағдайы нашар. Бұл – қаланың өзіндегі көрсеткіш. Ал елді мекендерде жағдайдың қандай екенін елестетудің өзі қиын. Тезірек шара қабылдамаса жағдай ушығып кетеді», – дейді дәрігер.

Мұнда ем алып жатқан 1 жастағы бала дүниеге келген бір жыл уақытының көбін ауруханада өткізген. «Әр 10-20 күн сайын біз емханада жатып емделуге мәжбүрміз», – дейді баланың әкесі.

«Шетелдік ұйымдардың Талибан қаржысын басып-жаншу әрекеті күтпеген нәтиже беріп, ауғандықтар аштықтан қайтыс болуда», – деп гуманитарлық ұйымдар донор елдерді стратегияларын өзгертуге шақыруда.

Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасына қатысу үшін Ауғанстанға барған дәрігер Шпигель шет мемлекеттерді ауған активтерін тоқтату, оның ішінде мемлекеттік ауруханаларды қаржыландыруды тоқтату қадамын қайта қарауға шақырды. «АҚШ, Ұлыбритания, Еуроодақ шешімді тез қабылдауы керек, әйтпесе тым кеш болады және өлім саны көбейеді», – дейді дәрігер Шпигель.

Қазан айында Еуроодақ 1 миллиард еуроға көмек пакетін жіберуге уәде берсе, ал Дүниежүзілік банк кеңесі жақында Балалар қорына және Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасына 280 миллион доллар бөлетінін айтқан. Биылғы жылы АҚШ ел дамуына беретін көмектен бөлек, 474 миллион долларға жуық гуманитарлық көмек көрсеткен.

Дегенмен бұл Ауғанстанның 9,5 миллиард долларлық бұғатталған активтерінің аз ғана бөлігі. Ал бөлінген қаражат АҚШ пен Еуроодақтың айтуынша, Ауғанстанда жұмыс істеп жатқан халықаралық ұйымдарға бөлінеді, яғни бұл ақша ауған банктеріне де, халыққа да қолжетімсіз.

АҚШ-тың бірқатар заңгерлері, негізінен демократтар Байден әкімшілігін ауған қаржысын БҰҰ-ға гуманитарлық көмек ретінде беруге шақырды. Дүйсенбіде ауғанстандық бейбіт тұрғындарға санкция жариялау туралы баспасөз жиынында АҚШ департаментінің баспасөз хатшысы Талибандарға билікті басып алу Ауғанстанға шетелден берілетін көмекке зиянын келтіретіні ескертілгенін алға тартқан.

Оның айтуынша, АҚШ Талибанмен болашақтағы қарым-қатынасты қарастырмас бұрын, ұйым адам құқықтарына, соның ішінде инклюзивті үкімет құруға қатысты белгілі бір міндеттемелерді қабылдауы керек. Сондай-ақ Прайс осы уақытқа дейін көрсетілген гуманитарлық көмекті атап, АҚШ әлі де болса көмекке дайын екенін айтқан.

Жағдай ушыға түскендіктен АҚШ әкімшілігі сәрсенбіде гуманитарлық ұйымдар Ауғанстанға көрсете алатын көмек түрінің кейбірінен шектеулерді алып тастайтынын айтқан. Бұл білім беру бағдарламаларын, соның ішінде мұғалімдердің жалақысын төлеуге берілетін көмек көлемін арттырмақ.

Ауғанстандағы жантүршігерлік жағдайды баяндаған мақала 14 күн емделіп, салмағы 6 келіге жетер-жетпес болып ауруханадан жазылып шыққан баланың әкесі айтқан сөздермен аяқталған: «Бүгін біз үйге барамыз. Үйде аш отырған әлі 4 балам бар. Мен әлемдік ұйымдардан аш-жалаңаш балаларға көмек берсе екен деп жалынып сұраймын. Ондай көмек болмаса біз балаларымыздан айырылып қаламыз», – дейді бес баланың әкесі Рауф.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Басы 1-бетте

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 **Тапсырыс №1873**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА